

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 29 сәуірдегі № 34/3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 2 мамырда № 5382 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 08.12.2021 № 9/6 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының ауылдық елді мекендерінде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласындағы мамандарға, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыланатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 08.12.2021 № 9/6 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Осы шешімнің 1-тармағының күші ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын ветеринария пункттерінің ветеринария мамандарына да қолданылады.

3. Осы шешім оны бірінші жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі, бірақ 2019 жылғы 1 қаңтардан болған құқықтық қатынастарға таратылады.

*Жамбыл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы*

В. Волков

*Жамбыл ауданы
мәслихатының хатшысы*

Б. Мұсабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК